

КПО «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» номинациясы бойынша «Парыз» сыйлығын алды

2008 жылдың желтоқсанының 23 күні Астана қаласында өткен жыл сайынғы «Парыз» сыйақысының тапсырылу рәсінде КПО компаниясы «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» номинациясы бойынша «Парыз» сыйлығының қола наградасын алды. Конкурсқа 3 номинация бойынша қатысқан 250-ден астам компанияның ішінен КПО Қазақстандағы өз қызметкерлерімен қарым-қатынаста, жергілікті халықпен, жалпы қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынаста үздік деп табылған ірі компаниялар арасында үшінші болып танылды.

Марапаттау рәсімі кезіндегі

көрмеде Қазақстан Республикасы президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың назарына КПО-ның жақында аяқталған әлеуметтік жобаларының бірі ретінде Орал қаласындағы №34 орта мектеп ұсынылды. Осы жоба туралы егжей-тегжейлі әңгіме етілді. Бұл мектеп Батыс Қазақстан облысындағы ең ірі мектептердің бірі болып табылады. Оны қазақстандық мердігерлік ұйымдар жобалап, салған болатын. Және онда жаңа заманға сай құрал-жабдықтармен заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталып, оқу-білімге, спортпен айналысуға кеңінен жағдай жасалған. Қазақстан Президентіне мектептің макеті

ұнаған, жобаның сапасына көңілі қанағаттанғанын білдірді. Соңынан қатысушыларға арнаған негізгі сөзінде ел басшысы өзіне көрсетілген жобаларды әлеуметтік жауапкершіліктің, ерік-жігердің және қоғамның проблемалы тұстарының жүгін көтеруге дайын үлгілі жобалар деп атады. Президент Назарбаев қатысушы-компаниялардың басшыларына алғыс айтып, еліміздегі іскерлік қоғамдастықты бүгінгідей күрделі кезеңде өз қызметкерлері мен жергілікті халыққа қолдау көрсетуге шақырды.

КПО-ның өндіріс бойынша директоры Антонио Балдассарре берілген награда туралы былай деді:

Қарашығанақ Республиканың тұрақты өркендеуінің жалпы міндеттерін орындауға өз үлесін қосуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының жауапкершілікті корпоративті азаматы болуға тырысады. Біз қабылдаған міндеттердің қатарына кадрлармен жұмыс, алдыңғы қатарлы технологияны пайдалану, еңбекті қорғау мен қоршаған ортаны қорғау, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мен өз қызметіміздің тұрақты экономикалық іргетасын қалауға бағытталған жергілікті жеткізушілермен ынты-



мақтастықта болу кіреді.

Компанияның облыстың әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне қосқан үлесінің осылайша жоғары бағалануы КПО мен БҚО атқару органдары арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастың жемісі болып

табылады. Сондықтан мен КПО-ның әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысқан біздің компанияның барлық қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне еңбектері үшін ерекше алғыс айтқым келеді».



КПО қызметкерлері наградалармен марапатталды

Газетіміздің өткен нөмірінде біз ҚР Үкіметінің жоғары наградалары КПО-ның бас директоры Роджер Фокс «Достық» орденімен және КПО-ның Үкіметпен байланыс және корпоративті саясат жөніндегі меңгерушісі Нұржан Камалов «Құрмет» орденімен марапатталғаны туралы жазған едік. Жақында ғана ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан Құрмет грамоталарын Бөрлі ауданының әкімі Болат Шәкімов КПО компаниясының бес қызметкеріне табыс етті. Олар: ұңғыма операциялары бөлімінің суперинтенданты Ермұхамбет Дәулетов, құрылыс жөніндегі координаторы Олег Попов, ГП-2 суперинтенданты Берік Ерғалиев,

мастер-электрик Серік Қалиев пен газдан құтқарушы Александр Мансұровтар.

Аудандық әкімдіктің мәжіліс залындағы кездесуде КПО-ның бас директоры Роджер Фокс бұл қуанышты компанияның барлық қызметкерлері бөлісуде екенін атап айтты. Осы қызметкерлердің үздік деп танылуы мұнай өндіру саласында жетекші орын алатын кәсіпорынның табысына берілген жоғары бағаны растайды. «Біз осы наградаларды алғанымызды мақтан етеміз. Бұл дегеніміз соңғы үш жылда қауіпсіздікті жақсарту, қоршаған ортаны қорғау бойынша біздің компанияның жасаған іргелі өзгерістерін тану болып табылады», - деп атап көрсетті

КПО-ның бас директоры Роджер Фокс. «Жұмыс сапасының үнемі жақсартылуы – біздің күнделікті жұмысымыздағы негізгі бағыттардың бірі және Қарашығанақ бұл мақсатта күн сайын біздің алдымызға жаңа міндеттер қояды. Біз бүгін өзімізге де, мердігерлік және тасымалдаушы ұйымдарға да кен орнында жоғары өнімділік қызметті енгізу үшін бұдан да жоғары талаптар қоядымыз».

КПО компаниясының бүгінгі қол жеткізіп отырған осынау орасан зор жетістігіне бірін-бірі толықтыратын өндірістік және табиғатты қорғау қызметіндегі жетістігімен бірге соңғы жылдары қол жетті. Осындай ірі, әрі техникалық жағынан күрделі кен орнын игеру мен өндіру кезіндегі табыстың негізгі факторы болып қоршаған ортаны қорғау мен қауіпсіз өндірісті қамтамасыз ету табылады. Бұл бағытта КПО көрсеткен қарашығанақпен Қазақстан Республикасына мұнайгаз өндірісінде еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласында жетекші орында болуға көмектесті. ISO 14001 халықаралық сертификат талаптарының негізінде Қазақстан Үкіметі компанияның қоршаған ортаны қорғау бағытындағы өз міндеттерін қалай атқарып отырғанын анықтай алады.



Осыдан бірнеше жыл бұрын компанияның негізгі мақсаты Қазақстанның мұнайгаз секторында жетекші орын алуға мүмкіндік беретін өндірістік және инфрақұрылымдық жаңа нысандарды салу болатын. Бұл мақсатты шетелдік мамандар жергілікті мердігерлерді белсенді түрде тарта отырып жүзеге асырды. Құрылыс аяқталысымен компанияның алдында жаңа мақсат пайда болды – енгізілген өндірістік қуаттылықты тиімді пайдалану мен келесі 35 жыл ішінде алынатын өнімді өткізу. Бұған қол жеткізу үшін КПО осынау алып кәсіпорынға өнімді жұмыс жасауға қабілетті жоғары санатты мамандардан команда құруда. Бұл команда негізінен қазақстандық қызметкерлерден тұратын болады - бұл жоба бойынша ӨБНК арнайы кіргізілген талаптардың бірі. Бүгінде КПО-да кез-келген мекеменің, жалпы алғанда бүкіл еліміздің негізгі байлығы – адамдарды

ерекше бағалайды – деп атап көрсетті КПО-ның кәсіподақ комитетінің төрағасы Т. Кеңесов. Бізде кәсіби мамандар еңбек етеді, олардың бірлескен еңбек жетістіктері компанияның табысын қамтамасыз етеді.

Марапатталғандар атынан Е.А. Дәулетов сөз сөйледі. Ол өз сөзінде мамандық таңдауда әкесінің жолын куганын айтты. 1993 жылдан бастап «Қарашығанақ өндірісі» АҚ жұмысқа кірген ол, Қарашығанақпен табыстырған тағдырына риза. Сонымен бірге Е. Дәулетов кен орнында осы екінің мадақталуы екенін атап етті: 2005 жылы КПО кәсіподағы мен басшылығының ұсынуымен Энергетика және минералды ресурстар Жөніндегі Мақтау грамотасымен мадақталған. Е.А. Дәулетов компания басшылығы мен кәсіподағына еңбегін жоғары бағалағаны үшін шын көңілден ризашылығын білдірді.



Болашаққа КПО-мен бірге

Барлық батысқазақстандықтар Қарашығанақ жобасының өркендеуінен үлкен үміт күтеді. Бұл заңды да. Қоры жөнінен әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі көмірсутекті шикізатты мұнайгазқондыендестіретін кен орны - өлкеміздің басты байлығы. Еліміз бен аймақтың экономикасында ол елеулі орын алады. Өйткені Қарашығанақтың әлеуеті орасан. Облыс жұртшылығы үшін бұл дегеніңіз кең масштабты әлеуметтік жаңғыру мен өмір сүру деңгейінің шындалуына жақсаруы.


Бүгінгі таңда қай жерде жұмыс орны көп болса, сол жер адамдарға өмір сүруге қолайлы болып саналады. Қарашығанақ – Орал өңіріндегі ең үлкен ұжым. Оның үстіне мұнда еңбектің төлемі жақсы. Әрине, мамандардың кәсібилігіне әлемдік стандарттарға сай талаптар қойылады. Қазақстан жағымен қарым-қатынас Өнімді бөлу жөніндегі Негізгі келісіммен (ӨБНҚ) реттеледі. Осы құжат бойынша облысты әлеуметтік жағынан жайландыруға инвесторлардың үнемі қатысуы қарастырылып отырады.

Әлеуметтік жобалары жүзеге асырудың басым бағыттары аймақтың тұрақты даму бағдарламасында нақтылы белгіленген. Денсаулық сақтау, білім, мәдениет салаларына көбірек көңіл бөлінеді. Жолдар жөнделіп, жаңа жолдар салыну да, газ құбырлары тартылуда, стадиондар қайта өзгертілуде. Оралдықтардың Қазақ драма театры, Муз ғимараты, балалар деревнясы сияқты кең масштабты нысандарымен мақтануы заңды да. Бірақ та консорциум белгіленген Негізгі Келісім шеңберінде ғана жұмыс жасамайды. Бұдан басқа да жергілікті тұрғындармен ұзақ әрі берік қарым-қатынас орнатуды мақсат еткен көптеген демеушілік жобалар жүзеге асырылады. Бірінші кезекте Қарашығанақ орналасқан аумақтағы Бөрлі ауданының тұрғындарына қомақты қолдау көрсетіледі. Бұл үшін кен орнына жақын орналасқан бес селолық округте консультативтік кеңестер құрылып, жұмыс жасайды. Онда КПО өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары мен бастамашыл топтың мүшелері елді мекендердегі инфрақұрылымдардың өркендеуі жөніндегі ең актуальды мәселелері бойынша пікір алмасадy. Инвесторлардың көмегімен компьютерлер, әлеуметтік нысандарды жандеуге құрылыс материалдары, музыкалық құ-

рал-жабдықтар, мектептер мен бала бақшаларға, поликлиникалар мен мәдениет үйлеріне, мұражайды рәсімдеуге арналған түрлі құрал-жабдықтар сатып алынды. Жұртшылықты компанияның қызметімен, оның табиғат қорғау, қоршаған ортаны қорғауға байланысты қызметімен құлағдар етіп отыру да кеңестің құзырына кіреді.

Қарашығанақ – жоғары деңгейлі кәсіби мамандар жұмыс жасайтын мыңдаған жұмыс орны. Жақын арадағы және ұзақ мерзімді жұмыстарды ескере отырып, шетелдік персоналды қазақстандық кадрлармен ауыстыру кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда. Жоғары оқу орындары мен колледждердің мұнайгаз факультеттерінің озық студенттері КПО-да практикандан өтеді. Екі жақ келісімге келген жағдайда оқу бітіргеннен соң жас маман дайын тұрған орынға жұмысқа келеді. Негізгі, кадр таңдаудың мұндай тәсілі батыста кеңінен қолданылады және өзін толығымен ақтап отыр.

Қазақстандық партнерларға, яғни субмердігерлік ұйымдарға да жоғары талаптар қойылады. Бұл жерде импорт ауыстыру бағдарламасы бойынша 700-дей қазақстандық компаниямен келісім-шартқа отыруға мүмкіндік бергенін айтса да жеткілікті. Олар құны 2,5 миллиард доллардан асатын тапсырыс алды. Оның үстіне консорциумның жұмысқа орналастыру жөніндегі көмегі жекеменшік ұжымның шеңберінен асып кетіп жатады. Солардың ішінде ең сәтті деп танылғандардың қатарына бизнес-инкубатор мен бизнес-орталық жобасын кіргізуге болады. Ол Ақсай қаласында Батыс Қазақстан облыстық «Даму» кәсіпкерлік ассоциациямен бірлесе отырып жүзеге асырылады. Өзінің жеке ісін ашқысы келгендерге бизнес-инкубаторда жеңілдіктермен орын беріледі, заңгерлік және консалтингтік қызметтер көрсетіледі. Әрбір жаңа ашылған шағын кәсіпорны өз ұжымын құратын болғандықтан, жаңа жұмыс орындары пайда болып отырады. Бұдан басқа КПО «Дамуға» Бөрлі ауданының кен орнына жақын орналасқан Березов, Успеннов, Жарсуат, Приуралье және Қызылтап - бес селолық округінің



кәсіпкерлері мен фермерлеріне кредит беру үшін қаржы бөлі. Ол да жеңілдіктермен бөлінеді. Бұның маңызы зор, өйткені селолықтарға банктен кредит алу оңай емес. Ал «Даму» болса кепілдік ретінде мал, үйжай, техника – барлығын да қабылдай береді. Қазір көптеген селолықтар кредиттің арқасында өз отбасының жекеменшігіне ғана емес, сату үшін де мал өсіре бастады, егістік көлемін де ұлғайтуды. Кафе, наубайхана, дүкендер ашыла бастады. Сол сияқты ассоциация фермерлер мен кәсіпкерлерді бизнесті жүргізу негіздеріне тегін оқыту міндетін де мойындарына алып отыр. Оның мамандары заңгерлік көмек көрсетеді, құжаттарды рәсімдеуге, бизнес-жоспарды құрастыруға көмектеседі. 2006 жылдан 2008 жыл ішінде КПО осындай кредиттеу жобасына 500 мың доллар жұмсады. Қаржының тиімді пайдаланылуы мониторинг жүргізу арқылы қадағаланып отырады.

Жоғарыда аталған бес селоның ардагерлері мен бала-

лары жыл сайын санаторийларда демалады және денсаулықтарын түзейді. Бірнеше жылдан бері КПО «Ақжайық» санаториймен бірлесе жұмыс жасайды. Өткен жылы ол жөнделді, жайландырылды, жаңа, бүгінгі талапқа сай түрге енді. Бұл денсаулық сақтау орны облыс орталығынан ондаған шақырым жерде Жайық өзенінің көркем жағалауында орналасқан. Таза ауа, әсем табиғат, тыныштық... Бір сөзбен айтқанда осы әдемі табиғаттың өзі адамның көңіл күйіне, денсаулығына игі әсерін тигізеді. Ал ең бастысы, барлық дәрі-дәрмектің орнын ауыстыра алатын минералды суы. Оның ғажайып емдік қасиеті дәлелденген және лицензиямен расталған. Күн тәртібі әрбір топ үшін бөлек құрастырылады. Емдеу процедурасы жеке-жеке тағайындалады. Ал ар жағында қызмет көрсетуші персоналдың айнымас жаймашуақ қызметі ғана қалады. Мұнда денсаулықты түзету үшін қолданылатын тренажерлар, емдік дене тәрбиесі, балшықты және минералды

ванналар, фитоемдеу – атақты курорттағылардан бірде кем емес.

Берлілік балалардың тағы бір демалыс орны Шалқар тұзды көлінің жағасына орналасқан «Балдырған» жазғы лагері. Оны дала теңізі деп бекер атамайды. Шынында да келесі жағалауға көз жетпейді. Және Шалқарда жүзіп йірену де оңай. Судың бетінде көп сені өзі ұстап тұратын сияқты. Бірақ та негізгі құндылығы оның ерекше қасиетінде. Берлі ауданының оқушыларына Оралдағы «Талап» мектеп-гимназиясының жазғы лагерінде демалу өте ұнаған. Биылғы жылы онда Қарашығанаққа жақын орналасқан селолардың 140 баласы демалып қайтты. Каникул күндерінде Бөрлі ауданының балалары алыс сапарға да аттанады, яғни шетелдерде болады. Бұндай сапарлар КПО-дан жақсы оқығаны үшін берілетін марапат.

Орал өңірі әйелдерінің «Үміт» одағы мен дегеніңіз екі жақты тиімді қарым-қатынас қалыптасқан. Бірнеше жылдар бойы одақта курстар жұмыс жасайды, онда жұмыс жоқ әйелдер кәсіпкерлікті әліппесін оқып-үйренді. Бұл оқуларды да бірнеше рет КПО қаржыландырды. Сондай-ақ КПО компаниясы одақ жағында жұмыс жасайтын отбасылық жоспарлауда, СПИД-пен күресте консультативтік көмек көрсететін, салауатты өмір салтын насихаттайтын «Қызыл алма» анонимдік қызметіне де демеушілік көмек көрсетті. Балалар үйлеріндегі патронасты тәрбие бойынша «Үміт» бастамасы да материалдық және моральдық қолдау тапты.

Жастар ұйымдарымен жұмыс та көңіл бөлуі қажет етеді. Ақсай қаласындағы «Тарлан» жастар биржасына қаржылық көмек көрсетілді. КПО-ның демеушілік көмегінің арқасында «Жәрдем» жастар бастамасының орталығы қоғамдық бірлестігінің бастамасы бойынша құрылған ақпараттық сайт жұмыс жасай бастады. Сол сияқты «БҚЛ лидері» Ақ жүргізіп отырған жағдайы төмен отбасылардың балалары мен түрмеден босағандармен жұмыс та қаржыландырылды. Техникалық мамандықтарға дайындаушы жоғары оқу орындары мен колледжермен тұрақты байланыс орнатылған. Батыс Қазақстан облысында білім деңгейі өте жоғары екенін айтуға болады. Бұл жерде де КПО-ның тигізіп отырған әсері аз емес.

Жергілікті персонал үшін НЕБОШ сертификаттары

КПО-ның ұңғыма операциялары және техника қауіпсіздігі жөніндегі әртүрлі департаменттерінің 19 қазақстандық қызметкері НЕБОШ бағдарламасы бойынша оқуларын табысты аяқтап шықты.

Оқуды аяқтауына байланысты салтанат Ақсай қаласындағы жақсы қонақ үйлердің бірі «Марко Поло»-ның конференц-залында өткізілді. Бағдарлама бойынша оқуды бітірушілерге сертификатты КПО-ның еңбек ресурстары департаментінің меңгерушісі Джеймс Кларк пен техника қауіпсіздігі жөніндегі менеджер Муррэй Харрисон табыс етті.

Джеймс Кларк өз сөзінде НЕБОШ бағдарламасы КПО қызметкерлеріне олардың ары қарай кәсіби өсуі және жан-жақты дамуы үшін қажетті білім мен тәжірибені жинақтауға көмектеседі деп атап көрсетті.

Сол сияқты қазақстандық персоналдың білімі және кәсіби өсуі КПО компаниясының басым бағыттарының бірі екенін айтты.

НЕБОШ сертификаты компанияның техника қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауға жауап беретін маманының кәсіби деңгейі үшін таптырмас біліктілік көтеру болып табылады. Бұдан басқа НЕБОШ бағдарламасы қызметкердің жеке біліктілігін арттыру мен жақсарту үшін кең спектр ұсынады және қызметтік есуде ерекше негіз болып табылады.

Бұл бағдарлама өндірістегі техника қауіпсіздігі бойынша көптеген өндірістік компаниялардан сынақтан өткен және бүкіл дүние жүзінде сұранысқа ие британ ұлттық емтихандық коллегиясы болып табылады. Ол әсіресе Ұлыбританиядан тыс жерлерде жұмыс жасайтындарға арналған.

